




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## Іскерлік белсенділік индексі

2024 Тамыз

**2024 жылдың тамыз айында іскерлік белсенділік жақсара түсті. Көрсеткіш жетінші ай қатарынан оң аймақта қалып отыр.**

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы\*



\* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), ал 50-ге тең болса – өзгеріс жоқ дегенді білдіреді.


**Іскерлік белсенділік индексі тамыз айында 51,4 құрады.**

Көрсеткіштің жақсаруы барлық секторда көрініс тапты. Әсіресе, тау-кен өнеркәсібінде айтарлықтай жақсарған, онда жаңа тапсырыс көлемі артқандықтан индекс **52,2** (шілдеде – 49,8) құрап, өсу аймағына өтті. Басқа секторлар да өткен аймен салыстырғанда көрсеткіштің аздап жақсарғанын атап өтті. Өндірісте индекс **51,8**-ге дейін (шілдедегі 51,7-ден), қызмет көрсету секторында **51,1**-ге дейін (51,0-ден), құрылыста **50,6**-ға дейін (50,4-тен) көтерілді.

График 2. Тамыз айындағы өңірлер бойынша ІБИ

**10 өңірде іскерлік белсенділік жақсарып, 8 өңірде нашарлады.**


Индекстің ең жоғарғы мәні Абай облысында (58,4), ең төменгі мәні Ақтөбе облысында (44,6) тіркелді.



# Бизнес-ахуал индексі

Тамыз айында қазіргі бизнес ахуалды бағалау көрсеткіші төмендеді, алайда, келешек бизнес жағдайларына қатысты оптимизм жақсарды. Осылайша, бизнес-ахуал индексі айтарлықтай өзгерген жоқ – 13,4.

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы\*




\* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

**Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/қызметіне сұраныс артып келеді, бірақ өсу қарқыны біршама баяулады.**

Тамыз айында барлық секторда сұраныс артқаны байқалады, әсіресе тау-кен өнеркәсібі мен құрылыста. Ал қызмет көрсету және өндіріс секторында сұраныстың өсу қарқыны баяулады. Өндірісте баяулау үрдісі осы жылдың маусым айынан басталды.

Респонденттер бизнесті қорғау мәселесіне теріс баға берді, қалған факторлар (салық жүктемесі, инфрақұрылым және қаржы/несиеге қолжетімділік) бейтарап бағаланды.

График 4. Секторлар бойынша сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)\*



\* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


**2024 жылдың тамыз айында бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші өсу аймағында қалды.**

Қазіргі бизнес ахуалды бағалау көрсеткіші төмендеп, 3,9 құрады.

Алдағы 6 айда келешек бизнес-ахуал бағасы жақсарып, 23,4 құрады.

*\*Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (X осі бойынша) және келешек ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*

График 5. Бизнес-цикл «сағаты»



## ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

<sup>1</sup> Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың арасында жүргізілген ай сайынғы сауалнамалардың нәтижесімен дайындалды.

<sup>2</sup> Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлы-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімі сияқты кәсіпорындар көрсеткішінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

<sup>3</sup> Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

<sup>4</sup> Бизнес-ахуал индексін (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

<sup>5</sup> ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлесі арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесі салмақтана отырып есептеледі.

<sup>6</sup> Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі). Олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса, экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса, онда экономика өсу фазасында т. с. с.

<sup>7</sup> Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

<sup>8</sup> Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

<sup>9</sup> Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.

<sup>10</sup> Секторлар бөлінісінде өңірлер арасында сұрыптаудың репрезентативтілігіне қол жеткізуге қарай жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымға сәйкес есептеу нәтижелері ұсынылады.